



Бекітемін:№9 «Бәйтерек» балабақшасы
директоры:Титанова М.У. 
« 31 » 08 2020ж**«Таңшолпан» кезекші тобының 2020-2021 оқу жылындағы
ата-аналар жиналысында қаралатын мәселелер**

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетін сайлау. 2. Келісім шартқа отыру. 3. Жұмыс жоспарымен танысу. 4. Әртүрлі мәселелер.	Қыркүйек (Онлайн түрде)	Тәрбиеші: Душатова Ф
2	1. «Бала тәрбиесі» кеңес. 2. Балалардың бақшаға қатысуы, денсаулықтары туралы. 3. Әртүрлі мәселелер.	Желтоқсан (Онлайн түрде)	Тәрбиеші: Душатова Ф Баяндамаға жауапты: Ибадуллаева М.
3	1. «Бала дамуындағы ата-ананың рөлі» баяндама. 2. Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру және жоспарымен таныстыру. 3. «Қауіпсіздік ережелерін сақтайық» кеңес. 4. Әртүрлі мәселелер.	Ақпан (Онлайн түрде)	Тәрбиеші: Душатова Ф Медбике: Смагулова Ж.
4	1. II жартыжылдық қорытындысы. 2. «Менің отбасымдағы бақытым» фото буклет қорытындысы. 3. Ата-ана комитетінің есебі. 4. Әртүрлі мәселелер	Мамыр (Онлайн түрде)	Тәрбиеші: Душатова Ф ата-ана комитеті: Юсупова А.

Дайындаған тәрбиеші: Душатова Ф. 

«Бәйтерек» балабақшасы МКҚК
«Таңшолпан» Мектепалды даярлық кезекші тобының
ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №1

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: 5

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама: «Менің отбасым және ондағы менің орыным»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.

Тындалды:

Уатсап желісі арқылы ата –аналармен байланыс жасалды.

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылында балаларды қашықтықтан оқыту мен тәрбиелеу»

Ата-аналар жиналысының мақсаты: Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында жаңа 2020-2021 оқу жылының ерекшеліктері.

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылында балаларды қашықтықтан оқыту мен тәрбиелеу»

Жоспары:

- Жаңа оқу жылында балаларды шағын орталыққа қабылдау
- Оқыту форматы жайлы ата-аналарды қабардар ету
- Қашықтықтан оқыту: баланың мінез-құлқы, қабылдауы (кеңес беру)
- Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыратын білім беру жүйесімен (зуммен) ата-аналарды таныстыру.
- Балалардың оқу тәртібі, режимі жайлы
- Балалардың ұялы телефонды, компьютерді, интернет желісін дұрыс қолдану тәртібі жөнінде кеңес беру.
- Ағымдағы мәселелер

Танысу сәті!



Жиналыс зоом платформасы арқылы жүргізіледі. Ата-аналарға жаңа оқу жылының дайындығы жайлы, балалардың орталыққа қабылдану тәртібі жөнінде, санитарлық талаптарға байланысты шағын орталықтардың қашықтықтан оқытуға көшкендігі жайлы айтып өтемін

- Жаңа оқу жылына қабылданған бала саны туралы айтып өтіп, балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты топ құрылып, жоспар жасалғанын айтамын.
- Жаңа оқу жылының өзгерістері жайлы, балаларға қолайлы орта жасау, (отыратын орыны, оқу-құралдары, ұялы телефонды дұрыс ұстау тәртібі, уақыты жайлы) мінез-құлық ережелері мен қатар ұсыныстарды психолог мағлұмат береді. #ХАБАР#ELARNA# ҚАШЫҚТЫҚТАНОҚЫТУ (видеореолигін көрсету)



- Қашықтықтан оқыту жүйесі зоом платформасы туралы мағлұмат беріп, балалармен оқу іс-әрекеті кезінде ата-аналардың көмегі қажет екендігін айтылады және таныстырылады



- Балаларға жас ерекшеліктеріне байланысты күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметі күнтізбесімен ата-аналарды таныстырып, күнделікті өтетін оқу қызметінің уақыты жөнінде мағлұмат беріледі.
- Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігі туралы сұхбат құру.

Тәртіп немесе балаларды қалай тәрбиелеу керек!

Тәрбиелеу оңай шаруа емес. Бірақ, оның сондай сиқыры да жоқ. Балаңызды тәртіпке үйрететін және тәрбиелейтін отбасыңызды басқаларынан ерекшелендіретін барлық

өзгешеліктерге тәуелді болады. Тәртіп-баланы сіздің қалауыңызды жасауға мәжбірлеу

емес. Сіз баланы «жақсы» болуға да мәжбүрлей алмайсыз.

Сізге келессі кеңестердің көмегі тиуі мүмкін.

Көбірек мақтау, азырақ жазалау.

Балалар мақтау естігенді ұнатады, басқалардың көңілін табуды ерекше жаны сүйеді.

Олар өздеріне назар аударғанды барынша қалайды. Егер сіз балаңызды мақтасаңыз, ол сіздің

көңіліңізді табу үшін бар күшін салуға тырысады. Құшақтау, күлімсіреу, ол жасаған әрбір іске қызығушылық білдіру – ең қымбат сый-марапат. Кәмпит те жаңа ойыншық та қажет емес.

Қиқарлықты жеңу.

Балаға құрметпен қараңыз, мейіріммен және достық пейілмен қараңыз, бірақ сонымен қатар

қатал және табанды болыңыз, ойға алғаныңыздан шегінбеңіз. Балаға шектеулі таңдау беруге

болады. (Сен мұны дәл қазір немесе 5 минуттан кейін жасай аласың, бірақ «енді қайталамайтының айтқызып, уәде беруге мәжбүрlemeңіз. Осылайша, сіз оны тек өтірік айтуға үйретесіз.

Ашу-қаһарды тізгіңдеу.

1. Сүйікті әнін айғайлап айтқызу.

2. Ашу суретін салып, жыртып лақтырып тастау.

3. Үй жануарымен ойнау

4. Пластелиннен өзін ренжіткен адамын жасап, бұзып тастау

5. Бокс грушасымен айқасу.



- Ата-аналаға балаларының интернет жүйесін пайдалану уақытында қауіпсіз жұмыс істеу реттілігін, балаларының ұялы телефонның қадағалау ұсынылады.

(қауіпсіз интернет видеоролик)



- Ата-аналар мен балалар, ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарам-қатынас психологиясы қарастырылады. Пікірталас жүргізіліп, ата-аналардың ойы тыңдалады.

Шешім қабылдау:

- Санитарлық талаптарды сақтау.
- Ұйымдастырылған оқу барысында балаға жағдай жасау
- Зоом платформасы оның ерекшелігі жайлы таныстырып,қысқаша оқу қызметін өткізу,таныстыру
- 2020-2021 оқу жылындағы күнтізбе,сабақ кестесі,жоспардағы өзгерістермен ата-аналарды таныстыру.Қашықтықтан оқыту барысындағы уақыт мөлшерімен таныстыру
- «Қауіпсіз интернет» ролигін көрсету.Қауіпсіз интернет жайлы ата-аналармен сұхбат құру,кеңес беру.
- Психолог ата-аналармен қашықтық арқылы тренинг өткізеді,пікірталас жүреді.Талқыланады.
- Әртүрлі мәселелер қарастырылды

Бірінші мәселе бойынша бала бақша әдіскері сөз алды. Әдіскер А. Шангереева топтағы ата-аналарды бір-бірімен санымен қатар топ тәрбиешісі Ф. Душатова мен таныстырды. Бүгін сіздердің тараптарыңыздан ата-аналар комитетін сайлап алуымыз керек. Өздеріңіз келісіп, ортадан біреуіңізді ұсыныңыздар деді. Ата аналар өздері бірауыздан келіссімге келіп,ата аналар төрайымы етіп Юсупова Ақкенжені сайлады. Ендігі кезекте ұйымдастырылған оқу қызметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты. Балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысуын онлайн түрде қатыстыруды айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Ф. Душатова «Менің отбасым және ондағы менің орыным» баяндама оқыды. Ата-аналар баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.


Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстырып ата-аналар комитетінің мүшелрін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Юсупова Ақкенже деп шешті.

Жиналыстың шешімі:

Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған таларты өз деңгейінде орындалсын.

1. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Юсупова Ақкенже 

2. Көмекшілері: Чытырбаева А. Кузенбаева Г 

Жиналысты өткізген тәрбиеші: Душатова Ф 

**№9 «Бәйтерек» балабақшасы ата - аналар МКҚК ның
«Таңшолпан» кезекші тобының ата - аналар жиналысының
№II хаттамасы**

Мұнайлы ауданы

20.12.2020ж

Қатысқандар:

Медбике: Смагулова Ж.

Ата - аналар: 6

Барлығы: 12

Күн тәртібінде:

1. Баяндама: «Баланың тілін дамытудағы ойынның рөлі»
2. Баяндама: «Денсаулық - зор байлық»
3. Жаңа жыл мерекесіне дайындық

Тындалды:

Уатсап желісі арқылы ата –аналармен байланыс жасалды.

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Душатова Ф. Ата аналарға «Баланың тілін дамытудағы ойынның рөлі» тақырыбында баяндама оқыды. Ол балалардың тілін әртүрлі ойындар, жаңа технологиялар арқылы дамытуға болатынын айтты. Ата аналар топ тәрбиешісіне сұрақтар қойып оған жауаптарын алды. Ата аналар балаларына үй жағдайында да әртүрлі ойындар ойнататынын айтты. Екінші мәселе бойынша: Смагулова Ж. медбике өз сөзінде ата аналарға баланың денсаулығына салғырт қарамау керектігін айтты. Ең бірінші баланың денсаулығына, тазалығына қарау керек екенін айтты. Ата аналарға «Денсаулық - зор байлық» тақырыбында баяндама оқып берді.

Үшінші мәселе бойынша: Жаңа жыл мерекесіне дайындық балаларға сыйлық алу туралы әр ата ана өз пікірін айтты. Тәрбиеші Жаңа жыл ертеңгілігінде әндер, әр түрлі би болатынын, оған қажетті заттарды атап өтті.

Жарыс сөз:

Ата - ана: өз сөзінде тәрбиешілерге балаларының денсаулығын нығайтатын жаттығулар, ойындар өткізіп тұруды ұсынды.

Шешім:

1. Балабақша талаптары орындалсын.
2. Тәрбиеші Душатова Ф «Баланың тілін дамытудағы ойынның рөлі» атты баяндамасы жақсы деп танылсын.
 1. 3. Жаңа жыл мерекесіне дайындық балаларға сыйлық алу Кузенбаева Гүлшатқа жүктелсін.




Барлығы бір ауыздан келісті

Қатысқандар:

Тәрбиеші:

Медбике:

Хатшы:


_____ Душатова Ф.

_____ Смагулова Ж

_____ Кузенбаева Г

Ата – аналар жиналысының хаттамасы № 3

Наурыз, 2021 жылы

Қатысты: 8

Қатыспады: 7

Күн тәртібі:

Тақырыбы: « Алғашқы ұстаз – ата – ана» дөңгелек үстелі.

« Мектеп жасына дейінгі балалар және олардың ата – аналарымен өткізілетін тренинг сабақ»

Топқа жаңадан қосылған балалардың ата – аналарымен танысу. Оларды оқу қызмет түрлерімен таныстыру.

8 – наурыз әйел – қыздар мерекесі күніне тақпақтар тарату.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне дайындық.

Тыңдалды: Душатова Ф топ тәрбиешісі: Өзінің « Алғашқы ұстаз – ата – ана» атты баяндамасын оқыды. Баяндамада көтерілген мәселелер жайлы сөз қозғалды, әр ата – ана өз пікірін ортаға салды. Алда келе жатқан 8 – наурыз әйел – қыздар мерекесі күніне өткізілетін сценарий барысымен таныстырылып, оған ата- аналарды алып қосар немесе қызықты пікірлері жайлы сұрастырылды. Мерекеге арналған тақпақтар таратылды.

Ата – аналар өзара ақылдасып, балаларға арнап, мерекелік тарту жасайтынын атап кетті.

Одан әрі « Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мерекесінің ертеңгілік іс – шаралары сөз болды. Ата – аналарға балалардың деңгейіне байланысты тақпақтар таратылды. Мерекелік іс – шараны қалай өткізу барыс сөз болды. Мерекелік дастархан ұйымдастыруды бір ауыздан құптады. Қажетті ұлттық тағам түрлерін бөлісіп алатынын және балаларға қызықты болуы үшін жәрмеңке ұйымдастыру керек деп шешті. Жәрмеңкенің талап, шарты: « Балалар өз білімдерін, тақпақтар айтып, ән мен би билеу арқылы өз өнерлерін ортаға салатын болады,» - деді ата – аналар. Мерекені алып баратын ата – аналарды сайлады. Сонымен қатар, ата – аналардың ұйымдастыруымен ұлттық салт – дәстүр көрсетілетін болды.

Жиналыс соңында ата- аналарға Балалардың бақшаға қатысуы, денсаулықтары туралы балабақша медбикесі Смагулова Ж сөз сөйледі.

Жиналыстың шешімі:

Жаңадан қосылған ата – аналарды балабақшаның және топтың қоғамдық іс – шараларына белсенді қатысуын қадағалау комитет төрайымы өз мойынына алсын.

Бүгінгі жиналыстан алған әсерлерін немесе басқада пікірлерін жабық хатпен жазып, жәшікке салсын.

Балалардың төлем ақысын өз уақытында төлеп барылсын және балабақша тәртібі, топтың режімі қатаң сақталсын.

Балалар балабақшадан себепсіз қалдырылмасын

Жиналысты өткізген тәрбиеші: Душатова Ф

Жиналысқа қатысқан: балабақша медбикесі Смагулова Ж




Ата – аналар жиналысының хаттамасы №4

Мамыр 2021 жылы

Қатысты: 10

Қатыспады: 4

Күн тәртібі: Оқу – тәрбие жұмысындағы III – тоқсанның жетістіктері мен кемшіліктері. Мониторинг.

Жазғы демалысқа дайындық.

Ата – аналар комитеті төрайымының есебі.

Тыңдалды:

Уатсап желісі арқылы ата –аналармен байланыс жасалды.

Ата – аналар жиналысын топ тәрбиешісі Ф. Душатова ата – аналарға жыл бойында тәрбиешілерге қолдау көрсетіп, балабақшамен отбасы ынтымақтасығына ат салысқан белсенді ата – аналарды құттықтап, балабақша атынан алғысын білдірді. Алдағы уақытта да бұдан да зор байынтымақтасқан орталық болатынына сенім білдірді. Балаларға көбірек үй жағдайында сауықтыру шараларын жүргізу міндетіміз деп атап өтемін.

Ата – аналар комитетінің төрайымы жыл соңындағы қорытынды есебін берді. Ол өзінің ризашылығын білдіре отырып, жыл бойында өздерінің атқарған істері жайлы атап кетті. Алдағы уақытта да бірлесіп атқарар жұмыстың көп екенін, педагог – тәрбиешілердің жұмыстарын жеңілдетуге қашанда даяр екенін айтып өтті.

Топ тәрбиешісі ата – аналар алдында, балалардың алған білімдері туралы қорытынды есебін берді. Сөзінің соңында балалардың балабақшадан үйрегені мен үйренері көп екенін атады. Мәселен: табиғат аясында серуенге шыққанда өзін – өзі ұстау қарапайым қағидаларын, мінез – құлық дағдыларын меңгерді, яғни көгалды таптамау, ағаш бұтақтарын сындырмау, гүлді жұлмау т.с.с. Сөйлеу барысында әдептілік сақтайды. Ересектердің сұрақтарына толық жауап бере алады. Үстел басында өзін – өзі ұстау ережелерін меңгерген. Сонымен қатар үлкендерге көмектесу, жолдастарына қол ұшын беруді де үйренді. Ең бастысы жылдық жоспарға сай білім алып, әріптерді, сандарды меңгерді.

Ата – аналардың да пікірі тыңдалды. Жиналыс соңында Ата – аналар өз пікірлерін айтып, бүлдіршіндерге сәт сапар тіледі.

Жиналыстың шешімі:

Жиналысты өткізген тәрбиеші: Душатова Ф

Ата-ана төрайымы Юсупова Ақкенже

